

Түсінік хат

Бала өмірінің мектепке дейінгі кезеңі оның өсіп жетілуіндегі ең жауапты кезең. Бұл кезде баланың ақыл-ой қабілеті, қасиеттері және эстетикалық сезімдері, қызықты ойын процесінде жан-жақты қалыптасады. Балабақшадағы ортаңғы топтарында адамгершілік тәрбиесіне тәрбиелеу білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады.

Бала дамуының ең биік шыңы ол – бала денсаулығы, сондықтан, бүлдіршінді шынықтырып сауықтыратын ойындарды, жаңа технологияны, сонымен бірге ата-бабамыздан мұра болып қалған әдіс-тәсілдерді кеңінен пайдаланудың маңызы зор.

Бағдарламаның мақсаты: Балалар ойын ойнау арқылы өз денсаулығын нығайтып, ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп күнделікті өмірде пайдалана алады.

Бағдарламаның міндеті :

- Балалар сөйлеу тілін байытып, өмірге көзқарасын қалыптастырып жақсы мен жаманды ажырата алады;
- Денсаулықтарын нығайтуда бағытталған ойын түрлерін меңгеру барысында шыңдалады.
- Бірнеше рет бір ойынды ойнау арқылы баланың физиологиялық өзгерісімен қатар психологиялық тұрғыдан сенімділігі артады.

Күтілетін нәтиже:

- Ойнау арқылы баланың ойлау қабілеті дамып, көзқарасы қалыптасады;
- Балалар бір-бірінен ептілікті үйренеді, өзінің қарым-қатынасын нығайтады;
- Ерік және жігер мінез қасиеттерін бекіту нәтижесінде әлеуметтік ортада тұрақты мінез-құлық таныта алады;

Бағдарлама балабақшадағы ортаңғы топтарына арнайы жазылған, аптасына 1 рет өткізіліп, 36 сағатқа құрылған. Бағдарлама 1 жылға негізделіп жасалған.

Пікір

«Ойна да, ойла» бағдарламасы ересектер топ балаларының қиялын, танымнан, ойлау қабілетін арттыруға арналып құрылған. Балалардың логикалық қабілетін дамытуға, тіл байлығын, танымын, сөздік қарым-қатынасын, қызығушылығын арттыру мақсатында үлестік бағдарлама құрылып ұсынылуда.

Ұсынылып отырған дамытушы ойындар балалардың ой-пікірлерін тиянақтауға іскерлік дағдысын игеруге, тапқырлыққа алға қойған мақсатқа жетуге итермелейтін ойын-тапсырмалар жиынтығынан құралған.

«Ойна да, ойла» бағдарламасы балалардың өздерін тапқырлыққа, білгірлікке, есте сақтау қабілетін арттыруға, логикалық ойлауын және зеректігін дамытады. Дамытушы ойынды қолдана отырып балаларды өздігінің ерекеттенуге, талпынуға мүмкіндік тудырады.

Балалар дамытушы ойындар, жаттығулар, логикалық тапсырмалар арқылы пайымдауға, шығармашылық тұрғыдан ойлануға, өз бетінше шешім қабылдап, қорытынды жасауға үйренеді. Ойлау операцияларын жүзеге асыру: талдау, және жіктеу, салыстыру, жинақтау, ұқсастығын табуға үйретеді.

Балаларды айналадағы қоршаған әлеммен оның қыр-сырларымен, тапсырманы орындай отырып адамгершілікке, достыққа, адалдыққа, шеберлікке баули отырып ой-өрісін кеңейтеді.

Бұл тапсырманы орындау кезінде қол мен саусақты жаттықтыруға арналған ойындарды қолдана отырып, дамытушы ойындарды сәйкестендіру арқылы дағдыларын дамытуға болады. Бағдарламаны тек қана балабақшада ғана емес, ата-аналар отбасылық тәрбие жұмысында да қолдана алады, балалардың жас ерекшелігіне сай құрастырылған.

Тақырыптық жұмыс жоспары

№	Тақырыбы	Мазмұны	Сағаты
1	«Қуыр – қуыр қуырмаш»	Ойынның тәрбиелік мәні бойына сіңіру арқылы бала ата-анасын, тәрбиешісін сыйлап жақсы қарым-қатынас көрсете алады.	1
2	Үшты-үшты	Балалар ептілік, шапшаңдық танытып, айтылған сөздерді мұқият тыңдап орындайды.	1
3	«Орамал тастау»	Сөздерді құрай алады, сөздік қорлары молайып өз ойларын жеткізе алады.	1
4	«Сақина салу»	Көпшілікке ұмтылып, ойын ашық айта алады.	1
5	«Кім шертті?»	Ойынды қайталап ойнау барысында шапшаңдық, ептілік, аңғарымпаздық танытады.	1
6	«Соқыртеке»	Ойын арқылы есте сақтау қабілетін арттырып қырағылық, шапшаңдық көрсетеді.	1
7	«Асық»	Дене қимыл-қозғалысын дамытып, ептілік, дәлдік сияқты қасиеттермен бірге өзара келісе білуге тәрбиелеп, «алшы», «бүк», «шік» деген сөздерді түсініп айтады.	2
8	«Қыз – қуу»	Дене бітімі дұрыс жетіліп қана қоймай, ақыл-ой нзықтығын көрсетеді.	1
9	«Арқан тарту»	Бала шымыр болуға, шапшаңдыққа үйренеді. Бұлшық еттерін қалыптастырады.	1
10	Хан талапай	Бұл ойын арқасында балалар ауыз бірлікке, ептілікке, зейінділікке, төзімділікке, достыққа ұмтылады.	1
11	«Күшін жетсе- үзін кет» Аксерек- көксерек.	Балаларды шапшаң жүгіруге үйреніп бұлшық еттерін қалыптастырады.	1
12	«Дауыста, атынды айтам»	Шапшаңдыққа, жауапкершілікке, достыққа талпынып, есте сақтау қабілеттерін танытады.	2
13	«Ат жарыс»	Топпен, ұжым болып ауызбіршілікте ойнайды.	1
14	«Жанылма»	Ойнау арқылы бала тілі жатық болады,	1

		сөздік қоры молаяды.	
15	«Сикырлы таяқ»	Ойнау арқылы балалар ауыз біршілік, ептілік, зейінділік, төзімділік, достық қарым-қатынас көрсетеді.	1
16	«Орнықты тап»	Ойын арқылы балалар есте сақтау қабілетін дамытып, өз орындарын білу арқылы шапшаңдық танытады.	2
17	«Байқап қал»	Заттарды бір көргеннен есте сақтап айта алады.	1
18	«Кім тапқыр»	Жұмбақ жасыру арқылы балалар тапқырлықтарын көрсете алады.	1
19	«Тас қала»	Бұл ойын барысында балалардың ойлау процестері қалыптасып қимыл-қозғалыста бұлжытпай қайталай алады.	1
20	«Қап киіп жарысу»	Балалар ойын арқылы ептілік, шапшаңдық көрсетеді.	1
21	«Санамақтар»	Балалардың тіл байлығы артып, шапшаң ойлау қабілеттерін көрсетеді.	1
22	«Аспаптар үнін айыру»	Түрлі аспаптардың үнін айыра алады.	1
23	«Күш сынаспақ»	Балалар күш сынасу арқылы өз – өздеріне деген сенімділіктерін көрсете алады.	1
24	«Бауырсақ бізде қонақта»	Қазақ ертегілерін айыра біледі, баяндай алады.	1
25	«Ою тандап ал»	Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін атай отырып оларды ажыратады.	1
26	«Қарғымақ»	Бұлшық еттерін шымыр қылып қалыптастыру арқылы шапшаңдықтарын көрсетеді.	1
27	«Жапалақтар мен қарлығаштар»	Ойнау арқылы ойлау қабілеттерін арттырады, сөйлеу тілінің жетілгендігін көрсетеді.	1
28	«Жаяу жарыс»	Балалар жүгіру арқылы тез шапшаң қимылдайды.	1
29	«Сақ құлақ»	Балалар айтылған сөздерді тындап оны, кім айтқанын ажыратып айтады.	1
30	«Құшак лақтыру»	Байқампаздық, зейінділік, өзара достыққа қасиеттерін дамыта отырып бір-біріне көмек көрсетеді.	1
31	«Тұтқынға алу»	Достық қарым – қатынаста болады, бірін-бірі құрметтейді.	1
32	«Аударыспақ»	Балалар ойнау арқылы тез қимылдайды. Бір –біріне деген қамқорлық сезімін	1

		танытады.	
33	«Жүрелей секіру»	Ойын ережесіне бағына отырып тез шапшап қимылдайды.	1
	Барлығы		36

Темір аудандық білім бөлімі



Бекітемін :

«Балдәурен» балабақшасының
менгерушісі : Ж.Н. Нұржанова
№ 1. Педагогикалық кеңес
Хаттама № 26.08.2020 ж



Келісілді :

Темір аудандық білім, дене
шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы
Г.О. Нұртазина

БАҒДАРЛАМА
«Ойна да, ойла»
(Ортаңғы тобы)